Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы

Ақпараттық библиографиялық бөлім

Сезім мен парасат суреткері

/библиографиялық көрсеткіш/



Түркістан
2026 ж.

Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы

Ақпараттық библиографиялық бөлім

Сезім мен парасат суреткері

/библиографиялық көрсеткіш/

Түркістан 2026 ж.

Сезім мен парасат суреткері: библиографиялық көрсеткіш /құрас. [Сарсенбаева Г]; Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы; Ақпараттық библиографиялық бөлімі.- Түркістан,2026.- 48бет

Алғы сөз

Толымбек Әбдірайым — балалар психологиясын терең ұғынып, тіл шұрайлығы мен жоғары тәрбиелік мәнді шебер ұштастырған қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі жазушы-публицист.

Оның бай рухани мұрасы мен әдебиеттегі дара қолтаңбасын насихаттау мақсатында әзірленген бұл библиографиялық көрсеткіш қаламгердің шығармашылық жолын жан-жақты сипаттайды. Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл кешенді еңбекте жазушының өмір деректері мен авторлық шығармалары — әр жылдары жарық көрген кітаптары, жинақтары, повестері мен әңгімелері, сондай-ақ мерзімді басылымдардағы мақалалары толық қамтылған. Бұған қоса, ол туралы жазылған әдеби зерттеулер, сын-мақалалар, естеліктер мен пікірлер біртұтас жүйеге келтірілген.

Көрсеткіштегі барлық материалдар хронологиялық және әліпбилік ретпен жүйеленіп, пайдалануға ыңғайлы әрі түсінікті анықтамалық аппаратпен қамтамасыз етілген. Бұл бағалы білім мен дерек көзі әдебиеттанушыларға, филолог-ғалымдарға, кітапханашыларға, жоғары және орта оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ балалар әдебиетінің жанашырлары мен көпшілік оқырман қауымға арналған сенімді бағдаршам болып табылады. Еңбектің Т. Әбдірайымның бай әдеби мұрасын тереңірек зерттеуде, тануда және насихаттауда үлкен ғылыми әрі практикалық пайдасы тиері сөзсіз.



ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ
(Толымбек Ыбырайым)

1955 жылы 12 қыркүйекте Абай (бұрынғы Семей) облысының, Аякөз қаласында туған. 1972 жылы № 2 қазақ орта (қазір Дулат Бабатайұлы атындағы) мектепті, 1991 жылы Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған.

1972 жылдан Аягөз автомобиль жөндеу зауытында жұмысшы, токарьдің шәкірті, токарь, Б.Майлин ауылдық кеңесінде хатшы, Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде әдеби қызметкер болып істеген.

1976-1978 ж. Кеңес армиясы қатарында, Чита қаласында әскери борышын өтеген. 1978-1985 ж. Аякөз жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде экспедитор; 1986-1989 ж. Талғар аудандық «Алатау жұлдызы» газетінде тілші; 1989-1990 ж. Алматы облыстық «Жетісу» газетінде аға тілші, жауапты хатшының орынбасары; 1990-1991 ж.

«Қазақ әдебиеті» газетінде аға тілші; 1991-1992 ж. Солтүстік Қазақстан облыстық телевизиясында, Петропавл қаласында комментатор; 1992-1997 ж. Көкшетау облыстық телерадио компаниясында бас редактор, төрағаның орынбасары; 1997-2003 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің Астанадағы меншікті тілшісі; 2003-2007 ж. «Қазақ газеттері» ЖАҚ- ның Астанадағы өкілі; 2007-2010 ж. ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігіне қарасты «Ұлан», «Балдырған», «Ақ желкен», «Дружные ребята» басылымдарын біріктірген мемлекеттік «Жас Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астанадағы өкілі; 2010–2018. ж. «Қазақ газеттері» ЖАҚ-ның Астанадағы өкілі.

Алғашқы әңгімелері мен очерктері 1970 жылдан бастап газет-журналдарда жарияланып келеді. 1988 жылы «Елегізу» атты әңгімесі жас жазушылардың «Арман қанатында» жинағына енген.

ҚР Мәдениет және Ақпарат министрінің Құрмет Грамотасымен (1998, 2011ж.) ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин медалімен (2008), ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» (2010), ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» (2014) белгісімен, «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен (2010 ж), **ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК. ӘДЕБИЕТ. ҚАЛАМГЕР» атты Қазақстанның шығармашылық зиялы қауымының республикалық форумында «ҮЗДІК БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ» номинациясы бойынша жеңімпаз дипломымен марапатталған (2016). Абай облысы, Аякөз ауданының «Құрметті азаматы» (2015 ж).**

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (2020 ж). Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында, үздік 30 кітап тізіміне балалар мен жасөспірімдерге арналған «Алабұға аулаған күн» жинағы енген. (2021 ж).

Т.Әбдірайым балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ұлан», «Дружные ребята» газеттерінің, «Балдырған», «Ақ желкен», «Балабек» журналдарының тұрақты авторы. Аталмыш басылымдарда бүгінге дейін 100-ден астам әңгіме, ертегілері мен мысалдары жарық көрген. «Балдырған» журналының, «Қазақ балалар жазушылары» анталогиясына, «Өзін-өзі тану» оқулығының 1-ші сынып, «Ана тілі» пәнінің 2, 3, 4 сынып оқулықтарына әңгімелері мен ертегілері енген. «Балауса» балалар әдеби туындылары бәйгесінің 2015 жылғы бірінші орын иегері. «Балдырған» және «Балапан әлемі» журналдарының редакциялық алқасының мүшесі.

Шығармалары: **Еркешора.** Әңгімелер, ертегілер және повесть. Алматы, «Балауса» баспасы, 1996 ж. **Әуелеп ұшқан тырналар.** Әңгімелер мен повесть, Алматы, «Балауса» баспасы, 2002 ж. **Аюқұлақ.** Әңгімелер, ертегілер және повесть, Алматы, «Арда» баспасы, 2006 ж. **Меңдіқыз.** Әңгімелер мен драмалық хикаят. Алматы, «РИИЦ АЗИЯ» баспасы, 2006 ж. **Жалқаулыққа кім үйір?.** Әңгімелер мен ертегілер. Алматы. «Баур» баспасы. 2008 ж. **Алабұға аулаған күн.** Повесть, әңгімелер мен ертегілер. Алматы «Балалар әдебиеті» баспасы. 2012 ж. **Ағыл-тегіл.** Деректі әңгімелер мен эсселер. Алматы. «Арда». 2014 ж. **Дала әуені.** Әңгімелер, ертегілер мен мысалдар және повесть. Алматы. «Атамұра», 2015 ж. **Летят журавли.** Рассказы, сказки, басни, повести. Алматы, «Балалар әдебиеті», 2017 г. **Тағдыр сыйы.** Әңгімелер, повестер, эсселер. Алматы.

«Дәуір», 2019 ж. **Ақ кептер.** Әңгімелер, ертегілер, хикаяттар. Астана, «Фолиант» баспасы, 2023 жыл. **«Түнгі жол».** Әңгімелер жинағы. Алматы. «Керемет-Медиа» баспасы, 2024 ж. **«Құс ұясы».** Повестер, ертегілер, повестер жинағы. Алматы. «Арда» баспасы, 2024 ж. **«Ғанибет»,** Эсселер мен сыр-сұхбаттар. Алматы. «Балалар әдебиеті», 2025 жыл.

010010. Астана қаласы, Ошақты көшесі, 19 үй.
Тел: 8-701-345-79-38, 8 (7172) 53-78-63.
Элпошта: ustaz-astana@mail.ru

Жазушы туралы жылы лебіздер

...Тарихтың әр батырдың әр шайқасының жай-жапсарын бажайлай баяндағаны сияқты әр суреткердің әр туындысының да егжей-тегжейіне емірене үңіле білгені лазым екен.

Толымбек Әбдірайым әдебиетімізде дәл сондай мақсатпен тыңға түрен салып, «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелер кітабын тудырыпты. Бұл – бір өркен жаяр өнеге болса керек. Оның бүгінгі тыңдарман қауым тарапынан бірдей ризашылыққа ие болатынына кәміл сенемін.

Әбіш Кекілбайұлы, Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы.

(«Ағыл-тегіл», «Арда», Алматы, 3-4 бет, 2014 жыл)

***

Теңіздің дәмі тамшыдан білінеді. Мен бұдан бірнеше жыл бұрын Толымбектің бірер әңгімесін «Балдырған» журналынан оқып риза болған едім. Сөйтсем ол бүгінге дейін прозалық бес жинақ жазса, соның үшеуін балаларға арнаған екен.

Қай кезде де шолақ өзен тез тасиды. 15 шақырымнан соң-ақ құмға сіңіп кетеді. Мен Толымбектің шығармашылығын арналы өзенге теңер едім. Оның айтары алда деп ойлаймын.

Әкім Тарази, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

(«Әдебиет айдыны» газеті, № 117, 24.05.2007 жыл)

***

Толымбектің шығармашылығына келсем, Толымбек әсілі аз жазса да саз жазады. Еш уақытта асықпайды. «Аюқұлақ» жинағындағы балаларға арналған әңгімелері

оймақтай. Оюлы, сырлы, мағыналы һәм мазмұнды. Балалардың жанын керемет түсінеді. Кәдімгі ЫБырай Алтынсариннің алақандай әңгімелері бар ғой, сол сияқты. Ал Алтынсариннің бір әңгімесі бір романның жүгін көтеріп тұрса, Толымбек те осы ұлы дәстүрді ары қарай жалғастырған.

Серік Негимов, филология ғылымдарының докторы, профессор.

(«Әдебиет айдыны» апталығы, № 117. 24.05. 2007 жыл)

***

Оқиғаны шымыр әрі ширақ өрбітіп, бүлдіршіндер есінде ұзақ сақталатын шағын шығармалардың еңсесін көтеріп тұрған Толымбектің шырайлы да шұралы тілін де ерекше айтқан ләзім.

Бел-белесті ұзақ жолға түскен ол көгілдір көкжиекті беттеп барады. Қадамы нық.

Жанат Елшібек, жазушы. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. («Сырлы әлем». Әдеби портреттер, эсселер және мөлтек әңгімелер. «Ана тілі» баспасы ЖШС, Алматы. 148-152 бет. 2012 жыл)

***

Балаларға арнап шығарма жазу үшін жаның таза болу керек. Сонда ғана ақ парақпен бетпе-бет келесің. Кеудеңнің сәулесін соған төгесің. Басқа жағдайдың бәрі балаларды алдағанмен бірдей. Бұл жігіт балалық пен даналықтың арасында шығарма жазып жүр. Өйтіп айтатын себебіміз, ол имандылық жолын ұстайды. Ал имандылық жолын ұстаған адамның балалар жазушысы атануы заңды құбылыс. «Жалқаулыққа кім үйір?» жинағындағы «Бота тірсек, қыл сағақ, сандал керім...» әңгімесіне ғана тоқталайын. Онда

Ақан серінің Құлагері, Құлагерге мініп шабатын Мөңке бала, Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романы бар. Кітаптағы Мөңке баланың аты Мөкен екенін, оның жетпістен аса қайтыс болғанын, кенже қызы Қаназия апаны, Қаназия апаның немере ағасы Көзтай қартты, XX ғасырдағы ел басына төнген алапат аштық жылдар... қайың сауған, ел ауған күндер көз алдыңыздан өтеді тізбектеліп. Небәрі бес-ақ беттік әңгіме де бәрі бар! Бәрі қамтылған!

Бұл жазушы Толымбектің шеберлігі!

Тұрсын Жұртбай, ғалым-жазушы, ф.ғ.д.

***

Балалар әдебиетіне қомақты үлес қосып жүрген жазушылардың бірі де бірегейі – Толымбек Әбдірайым. Сиясы әлі кеппеген кітабында «Тұнжыр» деген хикаят бар. Ол кез келген баланың жан дүниесін тебірентер, керек десеңіз, үлкен адамдарға да ой саларлық дүние. Тілі қандай жеңіл. Қысқа да нұсқа әңгімелері бір төбе. Сондықтан қолда бар жақсы туындыларға көз жұма қарамай, жанкешті жазушылардың еңбектерін жан-жақты талдап отырғанымыз жөн.

Асқар Алтай, Халықаралақ «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. («Әдебиет айдыны» апталығы. № 117. 24.05. 2007 жыл)

***

Толымбектің «Аққоянның үйшігі» деген кітабын басынан бастап оқып отырсам, 1-4 сыныптың бастауыш оқулықтарына бәрі сұранып тұр. Өкінішті жері – жазушының бүгінгі мектеп оқулықарына 2-4 сыныптарға ғана бір-бір қысқа әңгімелері еніпті.

Толымбек Әбдірайым – балалар жазушыларының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі деп есептеймін өз басым.

Баланың көңілін, тілін табудан қиын не бар өмірде. Автор балалардың түсінігіне сай диалогты шебер меңгерген.

Жұма-Назар Сомжүрек, ақын, сыншы. («Қазақстан ZAMAN» газеті, 28 ақпан, 2013 жыл)

***

Шығармашылығындағы оқырманын ілезде баурап әкетер жылылық, жүрекке еркін жетіп жататын сезімталдық. Міне, қаламгер Толымбек Әбдірайымды өзге топтан даралап тұрар қасиет – осы.

Дәурен Қуат, жазушы. («Алтын Орда» газеті, маусым, 2009 жыл)

***

Жазушы Толымбек Әбдірайым балалар тақырыбына өнімді еңбек етіп жүрген бірден-бір қаламгер. Оның өткенде ғана «Еркешора» атты қомақты кітабы жарық көрген. Бүгін тағы да «Әуелеп ұшқан тырналар» атты су жаңа кітабы қолға тиіп отыр.

Ол балаларға не жазуды, қалай жазуды жетік біледі. Шығармалары балалар ұғымына лайық. Сәбилердің тілімен сөйлейді. Бұған өздеріңнің сүйікті газеттерің «Ұланда» жиі жарияланып жүрген әңгімелері де куә.

Балтабай Әділов, балалар жазушысы.

(Балалар мен жасөспірімдердің республикалық «Ұлан» газеті, Маусым, 2002 жыл)

***

Данышпан Абай хәкімнің: «Аллаға ауыз жол емес» дегеніндей, Алланы тану жан-жүрегің арқылы ғана болатын құбылыс. Соңғы кезде Алланы қалам ұшына ілгенімен, қабылдау сатысына өте алмай жүрген жазармандар көбейді. Ал, Толымбек сөзімен де, ісімен де, құлшылық-

ғибадатымен де, өзінің шығармасы арқылы да шынайылыққа ұмтылып жүрген жазушы. «Шешім» соның нақты дәлелі. «Меңді қыз» - оқырманын бей-жай қалдырмайтын еңбек.

Дәулетбек Байтұрсынұлы, ақын.
(«Әдебиет айдыны» апталығы, Шілде, 2008 жыл)

***

«Кейіпкердің жан дүниесін аша отырып, оқиға дамыту ұстанымы – Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» прозалық жинағына енген прозалық шығармалардың табиғатына тән. Осылардың ішіндегі көлемдірегі «Тұнжыр» хикаятында өгей баланың жан дүниесі суреттеледі. Өзі ішкіш, өзі ынжық әке ұлын кейінгі үйленген әйелінің тепкісінен қорғауға құлықсыз. Бұл шығарманың кейіпкері он екі жасар бала болғанымен, ересек оқырманды да енжар қалдырмайтын деңгейде. Өйткені, мұнда көтерілетін негізгі мәселе – ата-ананың ұрпақ алдындағы парызы.

Жас оқырманға керегі оқиға болса, Т.Әбдірайымның әр әңгімесі сюжетті, қызықты штрихтармен оны қоюлатып отыруды да ұмытпайды.

Нұрдәулет Ақыш, жазушы, филология ғылымдарының докторы.
(«Қазақ әдебиеті», №23, 6.06.2014 жыл)

***

«Атамұра» баспа корпорациясы «Мектеп кітапханасы» сериясымен бұған дейін он екі кітап шығарған еді. Міне, сол серия жазушы Толымбек Әбдірайымның «Дала әуені» әңгімелер, ертегілер, хикаяттар жинағымен толықтырылып отыр.

Толымбек Әбдірайымның есімі оқырмандарға кеңінен белгілі. Ол үздіксіз ізденіп, талмай еңбектеніп, өзіндік өрнегі бар балалар жазушысына айналды.

Жинаққа енген шығармалар жас ұрпақты туған елін сүюге, аң-құстармен, жан-жануарлармен достасуға үндейді. Мұндағы кішкентай кейіпкерлердің дүрс-дүрс соққан жүрек лүпілін де аңғарғандай боласың.

Сәбит Дүйсенбиев, жазушы.
(«Қазақ әдебиеті», №23, 3.06.2016 жыл)

***

Толымбек Әбдірайымның «Тағдыр сыйы» жинағы оқырман қауым ықыласпен оқуға пейіл хикаяттардан, әңгімелерден, эсселерден құралған екен.

«Тағдыр сыйы» таным көкжиегімді кеңейткен, рухани қазынамның бір бүйірін толықтырған құнды дүние десем болады. «Жұдырық» повесіндегі бас кейіпкер Тәкен жер бетіндегі тозаққа пара-пар деп есептелетін Қытайдағы Такла-макан абақтысында адам төзгісіз қиыншылықтарды басынан өткеріп, неше рет қашу әрекеттері сәтсіздікке ұшырағанына қарамастан, ақыры Қазақстанға қашып өтеді. Өмірінің көп бөлігін жат жердің лагерлерінде ит қорлықпен өткізген Тәкенді қандай күш қазақ жеріне алып келді деген сұрақтың жауабын іздейтін болсақ, ол туған жерге деген шексіз махаббат, табандылық және Аллаға деген кәміл сенім, яғни иман байлығы дер едім...

Жанат Ахмади, белгілі жазушы,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.
(«Қазақ әдебиеті» газеті, №52. 25.12.2020)

***

Белгілі балалар жазушысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Толымбек Әбдірайымының

«Фолиант» баспасынан шыққан «Ақ кептер» атты әңгімелер, ертегілер, хикаяттар жинағынан бастап сөз еткенді жөн көрдік. Кітап «Абай жолы» кітапханасы сериясымен шыққан, 352 беттен тұрады. Таралымы – 500 дана. М.Әуезовтің: «*Шағын шығармамен да шалқар шындықты танытуға болады»,* - деген тұжырымына Толымбек Әбдірайымның қысқа да нұсқа, тілі бала ұғымына жеңіл, ғибратты ойға құрылған шағын әңгімелерін оқи отырып көз жеткіземіз. Мәселен, «Ақ кептерде» жаралы кептерді «ветеринар» дәрігерге ота жасатып, жазылғанша күтіп-баққан баланың өнегелі ісі арқау етілсе, «Құстың ұясындағы» құстарға ұя жасаған екі достың әрекеті, «Көпеннің көпіріндегі» өзі білек сыбана бастап, сынған көпірді жөндеуге ауыл балаларын жұмылдыра білген Көпен есімді баланың көшбасшылығы, адамгершілігі – кімге де болса үлгі.

«Қырық мың теңге» әңгімесінде немересін дұрыс жолға бағыттаған қарияның тәлімі бейнеленген. Балабақша арқылы тілі орысша шыққан бала қазақ сыныбында оқып жүріп қатты қиналады. Алғашында қазақ сыныбына өз еркімен барған оқушы қазақ тілінде дұрыс сөйлей алмай, кітап оқи алмай қиналып, орыс сыныбына көшпек болады. Мұны естіген атасы немересімен жақсылап сөйлесіп, шағымын тыңдап болған соң немересінің жігерін жанып, намысын оятып: *«Қазақ* тілі – өз ана тілің, күш салып, ынта қойсаң, әлі-ақ меңгере аласың», - деп ақылын айтады. *«Мен саған сенем, балам. Бірінші сыныпты әлі үздік бітіретін боласың. Сол кезде мен саған сыйлық ретінде 40 мың теңге беремін»,* - деп жігерлендіреді. *«Шын айтасыз ба, ата? Мен ол ақшаға велосипед сатып аламын онда»,* - деп немересі атасының ұсынысына қуана жауап береді.

Атасының жігерлендіруінің арқасында кішкентай Досымжан сабақтан тыс уақытта қазақша кітаптарды көп

оқиды. Нәтижесінде шынымен-ақ бірінші класты үздік бітіреді. Атасы уәдесінде тұрып, немересіне қырық мың теңге сыйлайды.

Кітаптағы «Екі достың ерлігі», «Мөлдір бұлақ», «Үпілмәлік», «Қоңыр қозы», «Күрең бие», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Ормандағы оқиға», «Сәдібектің саябағы», тағы басқа әңгімелер жас ұрпақты экологияны аялауға баулиды. Қаламгер кейіпкердің шынайы әрекет, түсініктері арқылы қысқа да ұтымды детальдарды пайдаланып, бала жанына жақын шығармалар тудырады.

Осы кітаптың «Қиял қанаты» деп аталатын үшінші бөлімінде 12 ертегі топтастырылған екен. Т.Әбдірайымның ертегі кейіпкерлері де оқырманды өз әрекеттерінің оң не терістігі арқылы өмірлік қорытынды жасауға жетелейді. «Қарыны тоқтық, жұмысы жоқтықтан тәкаппарлыққа ұшырап, адасып табылған «Тарғыл мысық», алды-артын ойланбай жаңалығына, жастығына мастанған «Мақтаншақ сары сағат», «Қызғаншақ арпа», жалқаулықпен дос болған «Берден баланың хикаясы», т.б. ойлы ертегілердің қай-қайсысы да өмірде кездесетін жәйттерді сөз етеді. Құрғақ насихатпен емес, астарлап айтылған мысал ертегілер нанымды әрі бала танымына ұғынықты шыққан.

«Ана аманаты» ертегі-хикаятында да автор ізгілікті мұрат еткен. Ертегі-хикаяттардың тілі көркем, қай-қайсысы да қиял-ғажайып, фэнтези үлгісінде жазылған.

Баян Болатханова, жазушы,
Халықааалық «Дарабоз» әдеби сыйлығының иегері.

(«Тәрбие өзегі – ізгілік пен мейірімде» атты әдеби жыл қорытындысы жиналысында, 2023 жылы жарық көрген кітаптарға жасалған баяндамадан.

«Қазақ әдебиеті» апталығы. №16. 26.04.2024)

СЕРІК НЕГИМОВ,

филология ғылымдарының
докторы, профессор

ЕҢБЕК ТОРЫСЫ ТОЛЫМБЕК

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, «Ерке-шора», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Аюқұлақ», «Аққояннның үйшігі», «Жалқаулыққа кім үйір?», «Алабұға аулаған күн», «Ағыл-тегіл», «Құс қанаты», «Дала әуені» атты прозалық жинақтардың авторы Толымбек Әбдірайымның қаламынан 117 әңгіме, 25 ертегі, 4 хикаят туындапты.

Баланы әлпештеп-мәпелеп, әдептілікке, ізгілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, оның сана-сезімін, ой-қиялын, арман-тілегін жетілдіру – ата-ананың абзал борышы, қасиетті ісі. «Бақыт қайда барасың? – Балбыраған бесікте, Қайыры бар есікте, Балалы үйге барамын» дегенде бал буынға деген ынтызарлық пен қамқорлық, бал дәурен балалыққа деген құрмет пен көзқарас бар.

Иә, нарық заманында ұлттық-рухани құндылықтарға негізделген ежелгі қағидаттар әлсіреп, қоғамды берекесіздіктер жайлап алғаны, ойран салғаны қынжылтады.

Жазушы Толымбек Әбдірайым «Тұнжыр» дейтін хикаятында қорлық пен зорлықтың тұзағында шырмалған Рауанның қасіретті тағдыры көрсетілген. Тасбауыр етжеңді қарасұр келіншектің яғни өгей шешенің Рауанға зіркілдеуі оқырманды шошындырады.

Тыңдайық:

- Доғар сөзді! Жаның барда жылдам киін! Ағаш жар, көмір кіргіз! Кірін жу ана бөпеңнің! Осы жұмыстарды атқарсаң, соңыра, біз ұйқыға жатқанда оқисың сабағыңды. Ұқтың ба?

Көргенсіз бейпіл ауыз өгей шешенің сөз саптасы: «Қу жүгірмек», «көзіңе көк шыбын үймелетем», «қолының сумақайлығы бар» секілді тікенек сөздер, шайтанның дұғасындай өрескел жалған айыптаулар. Осылармен қоса-қабат Рауанды теуіп жіберу, жақтан ұру сияқты.

Ақырында безбүйрек өгей шеше мен тасжүрек әкенің теперішіне шыдамай Рауан мешіт, базар, автомойка маңын төңіректеп, нәпақасын табады. Бейнет-мехнат шегеді, далада түнейді, мектептен шығады, алданады, арбалады.

Бірде ол түсінде «аспанға көз тіксе, дөңгелек ай күлімсірегендей, тілдескендей көрінді». Сонда ол: «Ей, Ай! Естимісің мені? Сен жердегі тіршілік иелеріне, сонау көктен, дәл төбеден қарап тұрсың ғой! Айтшы, білсең? Ата-анам бола тұра, неге мені сыртқа тебеді? Тәтем, неге жек көреді. Бар жазығым одан тумағандығым ба? Әлім келгенше, айтқанын істеп жүрмін ғой... Өмір неге күрделі?! Өмір неге көңілсіз?». Мінеки, Рауанның көкейкесті құпия сыры.

Рауанның тағдырын сипаттай отырып, жазушы Толымбек Әбдірайым «Адам баласы із-түзсіз жоғалатын ине емес. Әр адамның өз орны бар. Адам атаулы бір-бір тұлға. Жазылмаған кітап» дейтін философиялық түйін жасайды.

Рухани мүгедектіктің сыры неде?

Жазушының *«Мұжығын», «Хат», «Ұшқалақ», «Апат», «Шерлі жүрек», «Құс қанаты»* дейтін әңгіме-новеллаларында жаһандану заманындағы орасан жөнсіздіктер мен қайшылықтар (азғындық, жезөкшелік, имансыздық, екіжүзділік) әшкереленеді. Соның бірі «Мұжығын» новелласы ертегілік сипатта жазылған. Оқиғасы да төтенше қызықты, таңғажайып, баяндау тәсілі, композициялық және сюжеттік құрылысы жинақы, шымыр, идеясы, көркемдігі жоғары. Тарқатып айтар болсақ,

ертегілер әлеміне үңілген оқушы ерте, ерте, ертеде бір байдың жалғыз ұлының анасы жазылмайтын дертке ұшырапты. Сонда бір қария адам аяғы жетпеген алыста кең жазық пен аласа таулы жерлерде, сайлардың табанында мұжығын деген көпжылдық өсімдікті тапсаң, анаң дертінен құлан-таза айығады дейді. Нартәуекел деп бала ұзақ сапарға шығады. Нешеме азаптарға, қиындықтарға жолығады. Олар: аң бейнесіндегі құбыжықтар, мыстан кемпір... Баланы қолдап-қорғаушылар да бар. Олар: ақ сақалды абыз-қария, Ана – қарлығаш, тасбақа. Көк жүзінде ақ бұлттардың ішінде жүзіп бара жатқан ақ сәлделі ақсақал: «Анаңның сырқатына шипа іздегенің сауапты іс! Тәңірі жарылғасын! Алған бетіңнен қайтпа! Анасын ардақтаған перзент сендей-ақ болсын!» - дейді.

Жазушы сәнді, құлпырған және азғын-тозғын сұрқай шаһарлардың халқын салыстырады. «Жаратушысын ұмытқан ел оңушы ма еді?! дейді. Ал Жаратушыға деген сенім мен имандылық – елдің қорғаны, келешектің кепілі». Жазушы Т.Әбдірайым жанды-жансыз құбылыстарды әсерлі сөйлетеді. Бұл орайда ол түйірдей дәннің ой-толғамын былайша жеткізеді:

- Адамда екі рух бар. Біріншісі, рух – сұлтани. Ол Алланың көркем сипатымен жаратылған. Екіншісі, рух-и – хайуани. Бұл Алла тағаланың құдірет сипатының араласуымен жаратылған. Денеде осы екі патшаның бір-бір уәзірі және адамның рухани басшысы бар. Рух – сұлтанидің уәзірі ақыл және періште. Ол солармен ақылдасады. Алланың әміріне бағыну, жақсылық жасау, кісілікті болу, отаныңды сүю. Әрі Алланың тыйымдарынан қашу.

Негізінде, балалар жазушысы Т.Әбдірайым олардың жас ерекшеліктеріне, қабылдауына, ұғым-түсініктеріне орай жатық, қарапайым тілмен суреттеп жеткізеді. Бұған орай «Мақтаншақ сары сағат», «Тәкаппар піл», «Ине мен

жіп», «Дәптер мен әліппе», «Сабыр түбі – сары алтын», «Ақ қайыңның ақылы», «Бақыт деген не?», «Алданған бай», «Шөптің қателігі», «Кітап мұңы» дейтін ертегілері мен мысалдарында жанды-жансыз құбылыстарды сөйлетеді, тәмсілдерді әрі шебер, әрі келісті қолданады.

Мәселен, «Бақыт деген не?» атты ертегісінде бір байдың баласы не ішем, не кием демейді. Үріп ішіп, шайқап төгіп сайранды, салтанатты дәурен өткізеді. Сөйтіп шалқып-тасып жүргенде ата-анасы дүниеден озып, өзі азып-тозып, малы таусылады, тұрмысы нашарлайды. Содан ол бақыт іздеп ит арқасы қиянға сапар шегеді. Жол үстінде алдымен сал болып жартастың үстінде жатқан жыланға жолығады. Ол айтады: жай-күйімнің емін сұрашы деп тапсырады. Мұнан соң құрғақшылықтың шырмауында, жоқшылықтың шылауында қалған ырғалған қалың елге кезігеді. Осы бір апаттан құтылудың жолын сұрашы деген ел тілегін өтініш етеді.

Одан әрі бір шаһарға келіп, оның ханы былай дейді: Жарты ғасырдан бері ұры-қары көбейіп, бей-берекетсіздік жайлады. Осының мәнісі не екенін тексерші дейді. Мұнан соң тағы бір шаһар алдынан шығады. Сондағы бір ұстаханаға бас сұқса, бір қария жөн сұрайды.

- Е-е... бақыт іздеп шықсаң, келген ізіңмен кері еліңе қайт. Бағың тосып тұр – дейді де, ақылды қарт жолда кезіккендердің тілектеріне былайша кеңес беріпті:

Бірінші. Ол жылан ең ақымақ адамның миын жесін. Сонда сырқатынан құлан-таза айығады.

Екінші. Құрғақшылық жайлаған елдің іргесінде бастау – бұлақ бар. Көзінде ат басындай алтын жатыр. Соны қопарып алса, бұрқырап су шығады.

Үшінші. Сен сөйлескен шаһар ханы тұрмыс құрмаған қыз. Сондықтан ерге шықсын. Бір бастың екі бас болғаны жақсы. Күйеуімен ақылдаса отырып ел басқарса,

дұрыс болады. Жолаушы жас науша қарияға дән разы болып, тұп-тура келген жолымен кері қайтады. Алдымен ханшаға келіп, қарияның кеңесін жеткізеді. Қыз патша онда екеуіміз бас қосып, елді бірге басқарайық дейді. Жігіт елде бақ күтіп тұр деп азар да безер болады.

Енді құрғақшылық құртқан елге келіп, қарияның сәлемін айтады. Расында да солай екен. Ел ат басындай алтынды жігітке ұсынады. Ол оны ауырсынып қалдырып кетеді.

Бағыты ел. Жылан жатқан жартасқа соғады да, қарияның «дүниедегі ең ақымақ адамның миын жесе, тәуір болады» деген ақылын айтады. Бақыт іздеген, шартарапты шарлаған, әбден шаршаған жігіт қалың ұйқыға кетеді. Жылан терең ойға шомып, қыз-патша тақ берді, анау ел ат басындай алтын ұсынды, байлықтан да, бақтан да бас тартты. Шын ақымақтың өзі екен деп, дәу тасты құйрығымен жылжытып-сырғанатып, басын мылжа-мылжа етіп, миын жейді.

Мінеки, алақанына қонайын деген бақ құсын жолатпаған ақылы тайыз ойсыздың тағдыры осылайша қиылған.

Қандай әсерлі, көркем, мағынасы терең тәмсіл!

«Сабыр түбі – сары алтын» дейтін ертегісінің де ғибрат-өнегесі де өзгеше. Алты жыл айтулы шаһарда білім алған жігіт еліне бара жатқан жолда жалғыз қызы, 5-6 қойшысы бар ақылы асқан, көпті көрген, көңіліне түйген Рақым қартқа жолығып, дидарласады. Ол: «Сөздің атасы не, анасы не?» деп сұрайды. Оқыған азамат ләм-мим демейді. Содан не керек, қария сенің бір жылдық оқуың кем екен деп, жүз саулық беріп бақтырады. Қара қозы менікі, ақ қозы сенікі дейді. Бір жылдан соң қария жігітке қос ат беріп, қозыкөш жерге шығарып сап тұрып: «Жадыңа тұт! Сөздің атасы – ақыл, анасы – сабырлылық!» - дейді.

Сондай-ақ «Тәкаппар піл» ертегісінің де оқиғасы қызықты әрі ғибратты. Таудай піл жеті балапаны бар Тоқылдақтың ұясын аяусыз басып-жаншып өтеді. Жан дауысы шыққан Тоқылдақ Сауысқан мен Қарғаға пілдің қорлық-зорлығын айтады. Олар Тоқылдақтың қайғысына ортақтасып, пілдің көзін шұқып тастайды. Құлағына сенген піл су ішу үшін, орға жығылмау үшін құрбақаға жалынады. Құрбақаның бақылдауымен су ішіп, ордан, жардан құтылып біраз уақыт ұмыр кешеді. Сөйтіп жүргенде Тоқылдақ Құрбақаларға болған жайды жан-жақты тәптіштеп түсіндіреді. Ақырында құрбақалар пілді елсізге әсем сазды даусымен әкеліп, терең сайға құлатып сулатып, менімен, кеудемсоқ, ожар пілді өлтіреді.

Ертегі бүлдіршіндерді қиянат жасамауға, өктемдік көрсетпеуге шақырады.

Жазушы Т.Әбдірайымның «Адалдық», «Тапқыр бала», «Ала жіпті аттама», «Алтын алма, алғыс ал», «Сынықшы», «Мөлдір бұлақ», «Бағың нұрлансын, балам!», «Екі достың ерлігі», «Әбестік», «Көкіректегі көз» әңгімелерінде ғибрат аларлық оқиғалар жеткілікті. Айталық, «Бағың нұрлансын, балам» атты әңгімесінде Әбуталап атаның Асхатқа амандасу, сәлем беру, ізет-ілтипат жасау мәнісін жаттықтырып үйретуі, білімді, білікті, ұлтжанды, иманды, мәдениетті болуға шақыруы, қандай ғанибет. Я болмаса «Қатарыңнан озған өрен бол, Теңіздейін терең бол!» деуі соншалықты мәнді де, мәнерлі де. «Адалдық» атты әңгімеде Әйіп пайғамбардың Алла алдында адалдығы сипатталады. Оған Әзәзіл қандай сұмдықтарды кезіктірсе де көнбістігі, көнтерлілігі қайран қалдырады.

Сонымен қатар Ерасылдың бастан кешкендері жайындағы мөлтек әңгімелерде жас өскіннің тапқырлықтары, қызықты оралымдары және Асхаттың

(«Асхат қалай түзелді» әңгімесі) ойыншық ойнауы, неше түрлі қызықтарды қисынды ойлап табуы, ертегілерге ынтызарлығы, бес жасында біреуді қазанбас, екіншісін су тұмсық, үшіншісін көз бадырақ болған соң жапалақ деп атауы, шын мәнісінде, бала болмысын, психологиясын, іс-әрекетін мейлінше әдемі танытады.

Толымбектің өткен жылы жарық көрген «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелері мен эсселер жинағы музыка зерттеушісі, көркем сөз шебері, композитор Илья Жақановтың шығармашылық еңбегіне, өнерпаздық тұлғасына, кісілік келбетіне, интелектуалдық мәдениетіне арналған. Оның халықтың дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтары турасындағы, телегей ой-толғаныстарындағы жаңалықты құбылыстарды, жаңаша танымды, тарихилық пен деректілікті, шығармашылық зертханасындағы қызықты жәйттерді, әннің шығу төркініне қатысты түбірлі себептерді түбегейлі көрсеткен. Аталмыш кітапқа Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының алғысөз жазуы да жайдан-жай болмаса керек.

Әдепті, сырбаз Т.Әбдірайымның рухани-адамгершілік болмысы ұшқан ұясында қалыптасқан. Ол былайша сыр шертеді: «Әкем ЫБырайымұлы Сылдырбай екінші дүниежүзілік соғыстың 1 топтағы мүгедегі, сыңар аяқпен 43 жыл өмір сүрген жан. Арғы-бергі тарихты, әдебиетті, қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көп білетін. Есте жоқ замандағы ескі әңгімелерді майын тамыза шертетін. Батырлар жырын, қазақ ертегілерін бізге оқытып, тыңдаудан жалықпайтын. Анам Сарқыт Нұрқожақызы ақынжанды болды. Көңілденіп, шабыттанып, толқыған сәттерінде өлең жолдарын суырып салатын. Ауыз екі сөзді де әдемі айтатын. Мінезі көркем, жады берік, денсаулығы

мықты жан еді. Аяқ-табағы мұнтаздай, істеген асы дәмді болатын».

Ол жастайынан ән-күйге, өлең-жырға әуес болған. Домбыра мен гармонда ойнаған. Сергек мінезді ол он бес жасында «Мылтық» атты оймақтай әңгіме жазғаны бар. Он жылдықты бітірген Толымбек зауытта жұмысшы, токарь, ауылдық кеңесте хатшы және әскери өмірдің көрігінде шыңдалған, алуан-алуан қызметтер атқарған еңбек торысының көргені де, көңілге түйгені де есепсіз, дүниетанымына да, өмір-тіршілік көріністерін зерделеуге де, суреттеуге де терең әсер, телегей сыр дарытқан.

Толымбек орыс тіліне де майталман. Бұған «Трудись как раб» дейтін сұхбат кітабы айғақ.Тегінде, әдептілігімен өмірдің, өнердің шыңына өрмелеп бара жатқан жазушы Толымбекке жазар көбейсін демекпін.

Астана қаласы.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті.
12.09. 2015 жыл.

Бала жанының бағбаны
(*Жазушы Толымбек Әбдірайым туралы*)

Отиярдың оты

Ол өзінің бала жанын баптайтын бағбан болатынын бала кезінде білген жоқ. Бірақ...

Бірақ бәрі де сол Отиярдың оты көкейіне шоқ тастаған шағын ауылдан басталып еді. Қарт Тарбағатай тауларының Отияр атты оты мол жерінде жарық дүние есігін ашып, ару Аягөздің тұнық суын ішіп, жұпар ауасын жұтқан Толымбек Әбдірайым балалық шағы бұлтсыз болыпты. Сол бір кеңес кезеңінің баласына тән алаңсыз күндерді бастан кешіп, уайымсыз уақыттың ұрпағы болғаны анық.

Бәлкім, кейін қолына қалам ұстамасқа қақысы жоқ күндер оның ой-санасын тербеген сәтте балалар өмірі баурап ала жөнелетіні де содан шығар...

Сыңар аяқпен соғыстан мүгедек боп оралып, Сарқыт анасымен шаңырақ көтеріп, сегіз баласына сыңаржақ өмірде сыңар тағдыр ауырлығын түсірмей, бәрін де азамат қып жеткізген қайсар әке Сылдырбайдың тәрбиесі бала Толымбекке бір төбе... Қайсар да қайратты әке тұрпаты әлі күнге көз алдында өшпес бейне болып қалып қойғаны да бір ғанибет! Өмір бойы бұған асыл рухымен қуат құйып келе жатқаны да шындық.

Ол – сыңар аяқпен жүріп соғыстан кейін де қырық жылдан астам күн кешкен, Отиярдың отын сөндірмей өткен жандардың бірі...

Тарлан Тарбағатайдың ертегідей сұлу Отияр жерінде балалық бал күндерін кешкен Толымбек көңілі жай, сезімге бай боп өскені ақиқат. Ауылды басып өтетін асау Аягөздің арнасы кең, иірімі терең жағасында асыр салып, ұзақты күн мөлдір суына шомылып, қызыл қанат алабұғасы мен қара қанат қара балығын аулайтын. Одан қалса жапсарлас жатқан Ақтас пен Ақтүбектің бүлдіргені мен тошаласын теріп, қарақатын сауып кететін. Ақтас тауының жақпар-жақпар жартас беттерінен айқұш-ұйқыш бедерленген түрлі

таңбалар – петроглифтерге таң-тамаша қалып, алты қанат ақ ордадай алып үңгіріне еніп, шаңырақтай төбесіндегі тесіктен құйылған күн сәулесіне елітіп, тұмса табиғаттың аясында тау баласы болып қыдырып жүретін.

Ал Ақтастың жалды желкесіне көтерілгенде Ыбырайым атасынан тараған үлкен әулеті жатқан қорымды сай көзіне оттай басылатын... Ол жерде бастау бар. Суы мұздай. Ішсең бірақ жұмсақ. Суықтығы да сезілмейді. Кейде сонда барып шөлін де басатын. Әулеттерінің шөлін басып, сусынын қандырып жатқан осынау бастау Толымбекке әлі күнге ыстық.

Арқада жүрсе де арқардай аңсайды сол күндерді!..

Отиярдың суы ғой. Отиярдың бұлағы ғой мұны ғұмыр бойы сусындатып келе жатқан...

Осы Отияр бұлақтан Толымбек нәр алған. Осы бастаудан бала Толымбектің аңсары алдағы жұмақтай көрінетін жұмбақ өмірге ауған.

Бүгінде оның ойына Отиярдағы әкесінің шар шаңырағы орала береді. Бір ұяда шүпірлеген сегіз балапандай бір үйдегі он адам көз алдына келеді. Қандай ыстық еді сол күндер... Қимас күндер. Кең дүниені қиялмен кезген симас күндер.

Қысы қатты – ақтүтек боран мен ақшұнақ аязды Отиярдың суық мұрын кешінде сыңар аяқ әкенің қасында отырып, білте шамның жарығымен кітап оқитын. Сыңар аяқпен кеңшардың күйбең жұмысының басын қайырып келіп, анасының дәмді асын ішкесін көңілі жайланатын, мүгедекпін деп өмірінде ешкімге шағынбаған әке: «Толымбек, – дейтін жай ғана, – жақын отыр. Менің Сапарғали ағамның өлеңін оқышы!»

«Ағам» дейтін де жөні бар. Ақымбеттей аталас рудан шыққан халық ақыны, жармалық Сапарғали Әлімбетовтың кітабын бұл судыратып оқи жөнелетін. Екінші сыныптан

бастап оқып келе жатқан кітаптың мұқабасы тозып, парақтары жұқарып, жыртылуға жақын. Жиі-жиі оқығаннан көп жерін бала Толымбек жаттап та алған еді.

Қазір менің айтпағым – бір ескілік,
Ел аузына тараған көп естіліп.
Басында өз әкемнен ұққан сөзім,
Бес-алтыда жүргенде мен ес біліп.

Менің әкем сарабдал, ұғымды адам,
Малы тапшы, қолы ашық, шығымды адам.
Не ұрлық, не өтірік айтпай-тұғын,
Қарындасқа қадірлі, жұғымды адам... –

деп басталатын «Мейір батыр» атты поэманың бастапқы екі шумағы санасында әлі күнге дейін сайрап тұр.

Сәби күнінен ән салуға үйір, музыкаға құштар боп өскен баласын жақсы білетін әкесі өлеңді де бұған жиі оқытушы еді. Сығырайған ондық шамның жарығы болымсыз сәуле шашады. Ал алыс Отиярға «Ильич шамы» алпысыншы жылдардың бел ортасы болса да жетпеген. Бұл бар ынта-жігерімен жырды заулата оқитын. Құлақтарын қояндай түріп, ұйып тыңдап қалатын әке-шешесі мен әпке, аға-інілері. Алакөлеңке үй іші құлаққа ұрған танадай тына қалатын. Олардың көз алдарына Мейір батырдың асқан батыр бейнесі мен ел үшін істеген ерлігі келетін... Поэма сөздері шиыршық атып, шиырып әкетіп, бәрінің де көңіл күйін әлдилеп алатын.

Мейір батыр – тыңдарманға Толымбек сияқты елестейді... Жыршы Толымбек те оқиға желісіне елтіп алатын. Елтіткен – ақын сөзі, ақын дауысы, батыр үні.

Бала Толымбектің сөз өнеріне деген құштарлығын, сөз сиқырына деген ғашықтығын оятып жіберген де сол

әкесі оқытқан өлеңнің күш-қуаты десек, қателесе қоймаспыз. Толымбек санасындағы сөз құдіретіне деген саңылауды балалық шағындағы сол бір Сапарғали Әлімбетовтың поэмасы оятып кеткені ақиқат.

...Кейінірек Отияр ауылы біржолата жабылып, ел Қарағаш кеңшарына көшті. Иен жұртта жалғыз ғана кейуана кемпір қалды. Сол ғана Отияр ошағының отын өшірмей отырды. Ол бірақ басқа әңгіме... Төкең «Оралу» атты повесінде Отиярдағы сол бір жападан жалғыз қалып, ел көшіп кеткен сары жұртта ғұмыр кешкен кейуанаға қайтып оралады.

Балалық шақта көңіл деген көк дөнен ғой. Әнші болсам деп те армандады. Жап-жақсы дауысы бар. Мектеп сахнасына жиі шығып ән де шырқайтын. Бірақ сөзге, әдебиетке, жазуға деген құштарлық жеңіп кете берді. Неге?.. Өзі де түсінбейтін.

Сол жылдары қазақ балаларының бәрі әрбір санын асыға тосатын, әрбір санынан рухани азық алып, керегін іздейтін «Балдырған» журналына ел аузынан алған, небәрі екі жолдан тұратын жұмбағы жарияланды. «Бір қазанның ішінде, екі түрлі сүт тұрар». Жауабы – жұмыртқа.

«Балдырған» осылайша бұған бедел әкелді. Көп ұзамай мектептегі қабырға газетінің редакторы алтыншы сыныпта оқитын сотқар Мұратхан туралы өлең шығарып бер деп қолқалады. Алғашында ынтасы болмай, қыр соңынан қалмаған соң, тақылдаған тақпақ құрастырды:

Тегінбаев Мұратхан,
Қыздарды шалып құлатқан.
Ұлдарды ұрып жылатқан...
Неге біздің Мұраттың,
Аты кетпейді құлақтан?!

Осы бір шалдуар бала туралы шалт етпе сөз құрасы оны мектепте «ақын бала» атандырды. «Әншілікті» қойып, жатса-тұрса жазушы болуды армандады.

Балалық арман ауыл баласы Толымбекті алысқа жетеледі... Бала кезінен балалық сезімге бай, балалық өмірдің ұңғыл-шұңғыл тереңін сезінген оны өмірдің өзі бұлжымас балалар жазушысы етті.

Ол бірақ туған топырағы Отиярды әлі күнге түсінде көреді. Әлі күнге сұлу өңір суреті түсіне кіреді. Ертегідей Отияр көз алдына елестеп, жанарына ыстық жас үйіріледі. Отиярдың оты көкірегінде қоздап, жан-жүрегін қызуымен шарпып, көңілінде алаулай жанады. Отияр оты өл-өлгенше өшпесі ақиқат.

Отияр оты – көкірегіне қуат, Отияр бұлағы – санасына суат.

Бала жанын баптаған

Отияр оты оны жансебіл жазушылық жолға салды...

Бастауы бал, майсасы май Отиярдай оты мол жер жәнаты Толымбек жазушыны үнемі шабыттандырып келеді. Күні бүгінге дейін Отияр десе, жүрек оты маздап, көңіл шоғы қоздап жөнелері шындық.

Отиярдан от алған Толымбек балалық шақтағы балауса сезімін суытқан жоқ. Біздің көбіміз балалар тақырыбына тасырқаған тағасыз аттай бара алмаймыз. Өйткені тәніміз балғын, жанымыз жалын, сезіміміз мөлдір, жүрегіміз кіршіксіз, санамыз сезімтал балалық балдырған күндерімізді жоғалтып, қарасуық күннің қара тасындай бүкіл болмысымызды суытып, қоғам мен адам, тағдыр мен өмір ызғарына ұрынған жанымызды балалық күніміздегідей кіршіксіз күйге түсіре алмай, тазарта алмай қалған жандармыз... Балалық сәулелі әсерлерімізді алыстатып

алғанбыз. Балғын шақтағы балдырсыз күндерімізді қашыртып, боқыраудың бозқырау күндерін басымызға қондырған пенделерміз.

Ал Толымбек пендешілік өмір талқысын тәрк етіп, өзінің балалық таза болмысын сақтап қалған жан. Сондықтан да баланың ойымен, сәбидің сезімімен, аңқау да адал балалық тілмен шығарма жазады. Оның әр шығармасынан абзал бала кейіпкер аңқылдап алдыңнан шығып отырады.

Содан болар, әдебиетіміздің ақсақалы Әбіш Кекілбай: «...Тарихтың әр батырдың әр шайқасының жай-жапсарын бажайлай баяндағаны сияқты әр кейіпкердің әр туындысының да егжей-тегжейіне емірене үңіле білгені лазым екен» деген Толымбек шығармасы туралы толғанысында терең мән бар.

Бала жан дүниесі жайында жазуды көптеген қаламгер армандайды, бірақ ойдағыдай шықпайтынына күмәнданып, осы бір өлмес-өшпес тақырыпқа тыңнан түрен сала алмасын сезіп, тайсақтай беретіні кәміл. Ал бала ақыл-ойымен, бала сезімімен селкеусіз дөп түсетін жазушы сирек. Осындай жазушының бірі – біздің Төкең – Толымбек Әбдірайым.

Ол қолына қалам алғалы өзі таңдап алған, шындығында, жазушылықпен «ауырған» жан-дүниесі қалап алған тақырыптан табан аудармай еңбек етіп келеді. Оның шағын-шағын әңгімелері мен көлемді повестерін балалар атты қалың оқырман – иә, нағыз қалың оқырман балалар ғой, – міне, сол бір таза тұмадай құмар сезімді мол қауым қуана-қуана оқып келеді.

Оған өз басым куә. Қай мектепке бара қалсаң да, қарсы алдыңнан өріп шыққан бүлдіршіндер Төкеңді көргенде, жамырай қарсы алып, жалпылдай әңгімелесіп, шығармалары туралы, шығармашылығы жайында ұзақ-

сонар сөз қозғауға ойысып жатады. Бәлкім, бала жанын бағалаған, бала жанының бағбаны болған жазушы бақыты деген де осы шығар.

Қалам ұстаған қауымның көбісіне мұндай бақ бұйырмай келе жатқаны да ақиқат қой...

Ал бүгінгідей адам өзгерген, адаммен бірге қоғам өзгерген кезеңде балалар тағдыры мен бала сана-сезімі туралы қалам тербеу нағыз жазушы болмаса, кез келген қаламгердің қолынан сәтті дүние туа бермесі белгілі. Бала жанының құпиясын ақтара білу қай кезде де оңай болған емес. Ал алмағайып қоғам көлеңкесінде көрінбей қалған балалар жан дүниесінің жігін айыру талантты жазушының ғана маңдайына бұйырары белгілі.

Міне, осындай сәтті жазылған шығарманың бірі, бәлкім бірегейі – «Тұнжыр» атты повесть. Толымбек Әбдірайымның қазіргі қоғамда күн кешкен «кішкентай» адамның тағдыр-талайы туралы қозғаған шығармасын оқығанда, әйгілі Әуезовтың «Жетім» әңгімесі ойға оралады.

Сол бір сұрқай заманда адамдардың әділетсіздігінен, үлкендердің мейірімсіздігінен мерт болатын бала тағдыры мен Толымбек повесіндегі Рауан атты баланың бұралаң өмір жолы, өмір үшін күресетін жетімдік талайы желілес. Әлбетте, Төкең кейіпкері – қазіргі қоғамдағы қазақ халқының өзгерген, кері кеткен десек те артық емес, қатыгездікке бейім кейіп-кеспірін ашатын бейне... Бұл бейне оқырманды ойға қалдырары, қоғам ойсыздығын бетке басары анық. Тұнық емес, тұнжыр өмір суреті сұстылығымен тіксінтеді.

Бұл туынды жазушының соңғы жылдары жазған сәтті шығармаларының бірі. «Тұнжыр» – қазіргі қатігез қоғамның, қайырымсыз адамның айнасы іспеттес. Анадан жетім қалып, шайпау өгей шешенің шетқақпай тәрбиесіне көндіге алмай, өгей шешенің айтқанынан шыға алмайтын

ынжықтау әкесінің мінезінен жалыққан Рауан ақыры үйінен қашып, қала кезіп, Астана көшесін қыдырып кетеді. Дала мен биік үйдің жертөлесіне түнеп, қайыр сұрап, ұрлыққа да барып, кезбе атанған аяулы жастың аяусыз өмірі ащы шындығымен ашылады...

Бармақтай әңгімелерімен-ақ бала жанын баптаған Толымбек – балалар туралы жазатын нағыз шынайы суреткер. Оның әңгіме, повестері балаларға ұнайтыны да сол шындығында, өйткені бала оқырманды алдай алмайсың. Шығарма шыншыл болмаса, бала оқырман оқымайды, тастай салады. Ол өтірікке оңайшылықпен сенбейді. Баланы сендіру үшін, өзің сенуің керек. Шығарма шырайы – бала көңіл, бала қиял армандаған шындықта.

Көрнекті ғалым Серік Негимов: «Толымбек әсілі аз жазса да, саз жазады. Еш уақытта асықпайды... балаларға арналған әңгімелері оймақтай. Оюлы, сырлы, мағыналы һәм мазмұнды. Балалардың жанын керемет түсінеді. Кәдімгі Ыбырай Алтынсариннің алақандай әңгімелері бар ғой, сол сияқты. Ал Алтынсариннің бір әңгімесі бір романның жүгін көтеріп тұрса, Толымбек те осы ұлы дәстүрді ары қарай жалғастырған» деп ой түйеді.

Жүздің үстінде балаларға арнап әңгіме жазған жазушы – балалардың сүйікті суреткері. Оның осы әңгімелерінің бәрі дерлік «Ұлан», «Балдырған», «Дружные ребята» басылымдарында жарық көріп, жас оқырман ықыласына ие болған. Оған дәлел – Арқадан Қаратауға дейінгі мектептер Төкеңді кездесу кешіне өздері шақырып, өздері мереке ұйымдастырып жататыны. Ал қазір қандай ірі жазушылар осындай құрметке ие болып жүр. Некен-саяқ.

Толымбектің «Ұлжанның жеңісі» дейтін шағын әңгімесі бар. Бастауыш сыныпта оқып жүрген Ұлжанға көршісі болып келетін, бірақ қазақ сыныбында оқитын құрбысы Тұрсынгүл: «Мен бүгін сенімен қайтпаймын»

дейді үйге қайтпайтынын білдіріп. Сөйтсе қазақ сыныбындағы құрбысы тәуелсіздік мерекесіне арнап қойылатын концертке дайындалады екен. Ұлжан да қатысқысы келеді. Сонда Ләзиза деген қыз: «Болмайды, – деп кесіп айтады. – Біз тек қазақ тіліндегі әндерді орындаймыз. Ал сенің қазақшаң нашар! Өзің қазақ бола тұрып, орыс сыныбында оқисың!» деп бетіне басады.

Жыларман боп, намыстанып үйіне жеткен Ұлжан әке-шешесіне келіп: «Мен бәрібір қазақ сыныбына ауысамын» деп, орыс сыныбына берген ата-анасын ұялтып, ақыры комиссия құрғызып, қазақша сыныпқа ауысып, мерекелік кеште тәуелсіздік туралы Өтепберген Ақыпбековтың «Тәуелсіздік – бақ туы» атты өлеңін тақылдатып жатқа соғады.

Төкең осындай бала сезім-ықыласына дөп тиетін, үлкендер қателігін сәбидің кіршіксіз сезімі арқылы, сәби психологиясы арқылы ашатын ғибратты әңгімелер жазады. «Екі достың ерлігі» атты әңгімесінде көшеде маскүнем сияқты боп жатқан адамға үлкендер жанашырлық танытпай, жиіркеніп, жәйі келсе, «Маскүнемге аптап не, аяз не бәрібір ғой» деп тілдеп өтіп жатады. Сонда екі бала қасына барып, оның маскүнем емес, ауырып жатқан адам екенін аңдап, жедел жәрдем шақырып, ауру адамды емханаға салып жібереді.

Мұндай тәрбиелік мәні мол, ғибратқа толы әңгімелерге Толымбек қоржыны толы...

* * *

Әйгілі жазушы Әкім Тарази: «Теңіздің дәмі тамшыдан білінеді. Мен бұдан бірнеше жыл бұрын Толымбектің бірер әңгімесін «Балдырған» журналынан оқып, риза болған едім.

Қай кезде де шолақ өзен тез тасиды. Он бес шақырымнан соң-ақ құмға сіңіп кетеді. Мен Толымбектің шығармашылығын арналы өзенге теңер едім. Оның айтары алда деп ойлаймын» деген сөзі алғаусыз ақиқат.

Қанша шығармалар жазса да, олары іргелі баспасөздерде жарияланып жатса да, тұңғыш кітабын қырықтан асқанша шығармаған Толымбек Әбдірайым шығармашылығы қуатты... Ол әлдекімдер секілді сиясы кеппеген дүниесін шикілі-пісілі күйі жинақ етуге құмартпаған. Жас оқырманын да, жасамыс оқырманын да алдамаған. Аламан бәйгеге шабатынын аңдағандай, асықпай-аптықпай сілтеп келеді.

Бала жанының білгірі болған жазушы интеллектуал оқырман – үлкендерге арналған шығармалар да жазып келеді. Бұл салада да автор өз қолтаңбасын танытып келе жатқаны айқын. Оқырман қауым Төкеңнің таным көкжиегіне бұл шығармаларында жаңаша көзбен, соны санамен үңілеріне сенім мол. Оның «Хат», «Апат», «Ұшқалақ» әңгімелері де тақырып сонылығымен, кейіпкер тағдырларының күрделілігімен көзге шалынады.

«Хат» әңгімесінде суреткер үлкендер арасындағы қайшылықтың құрбанына шалынған бала тағдыры домбыраның тиегіндей, бүкіл әңгіменің арқауын шиыра-ширатып тұр. Отбасының шырқының бұзылуы жас баланың тағдыр-талайының тәлкекке түсуіне әкеліп соғатынына автор айрықша ден қояды.

Автор қандай шығарма жазса да, оның сюжетінде балалар мінез-құлқы араласып жүреді. «Апат» әңгімесінде де Мәміш атты әпенділеу қарттың Сталин заманында «халық жауы» атанып айдауда болған аянышты тағдырын айтқызатын да балалар. Өмірдің соққысынан есінен адасып қалған, осы бір адамның өлімі де ақыры қызыл қоғам

жендетінің тепкісінен келеді. Өз адамдарына апат боп төнген коммунистік қоғам келбетін ашып береді.

Ал «Ұшқалақ» әңгімесі бүгінгі жезөкшелік жайлаған қоғамдағы жас әйелдің қасіретті тағдыры мен тұрмыс билеген арсыз тірлігі қатар алып суреттеледі. Опасыз өмірінің бар мәні «жеңгетайлық» жасаудан аспаған аяр әйелдің екі бірдей арыстай азаматтың тағдыр-таланын тасталқан еткен әрекеті оқырманды терең ойға жетелейді.

Жазушының бұдан басқа да «Жалғыздық», «Шерлі жүрек», «Құс қанаты», «Жалғыз тырна», «Бір тал гүл», «Қара ешкі», «Мұжығын», «Екеу», «Аюдың ашуы», «Ауылдан келген хат» қатарлы әңгімелері көңілге қилы-қилы әсер ұялатады. Бәрі де қилы-қилы тағдырлар тоғысқан ойлы дүниелер.

Оралу

Ал, санасына сәулелі серпін берген, қаламына қажымас қуат құйған шағын ғана Отиярға ол ой-сезімі бірлеп, жан-жүрегі гүлдеп талай мәрте оралды ғой. Соның сонылы биігі болып «Оралу» мен «Дала әуені» атты диптих-повестер дүниеге келді.

Қазақтың оты мен суы мол Отиярдай жерін қимай, сол киелі өңірге сүйген жары мен жалғыз ұлын жерлеген кейуана – Бәтен апа хикаяның соңында Отиярды күзетіп жалғыз қала береді... Иә, ол осы бір қасиетті жерді, қасиетті ауылды – ел-жұрт тастап кеткен, ата-баба бейіті жатқан киелі топырақты күзетіп отыр. Ыңылдап ән салады. Кейуанаға қосылып Отиярдың тау мен даласы ән салады. Жапан дүниені жазушы суреттеген «Дала әуені» әлдилейді.

Көктемде жауар құс қанатындай жаны мөлдір, ары ақша қардай сәулелі кейіпкерлерімен Толымбек Әбдірайым

оқырманын алпыс отты асудың төрінде де рухани сусындата береріне сенім мол.

Асқар АЛТАЙ, жазушы, Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлықтың иегері.
«Қазақ әдебиеті» газеті.
30.08.15 жыл.

Т. Әбдірайым шығармалары

Кітаптар

Әбдірайым, Т. Әуелеп ұшқан тырналар [Мәтін] : әңгімелер мен повесть / Т. Әбдірайым. - Алматы : Балауса, 2001. - 195 б.

Әбдірайым, Т. Дария шабыт [Мәтін] : деректі әңгімелер / Т. Әбдірайым. - Астана: Елорда, 2003. - 112 б.

Әбдірайым, Т. Меңді қыз [Мәтін] : әңгімелер мен хикаяттар / Т. Әбдірайым. - Алматы : РИИЦ-Азия, 2006. – 160 б.

Әбдірайым, Т. Жалқаулыққа кім үйір? [Мәтін] : ертегілер мен әңгімелер / Т. Әбдірайым. - Алматы : Баур, 2008. - 228 б. (Балдырған).

Әбдірайым, Т. Алабұға аулаған күн [Мәтін] : хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар / Т. Әбдірайым. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2012. - 256 б.

Әбдірайым, Т. Ағыл-тегіл [Мәтін] : деректі әңгімелер, эсселер.- Алматы: Арда+7, 2014. - 224 б.

Әбдірайым, Т. Дала әуені [Мәтін] : әңгімелер, ертегілер мен мысалдар, повесть / Т. Әбдірайым. - Алматы: Атамұра, 2015.- 256 б.

Әбдірайым Т Ақ кептер [Мәтін] : әңгімелер, ертегілер, хикаяттар / Т.Әбдірайым ; – Астана : Фолиант, 2023. - 347, [4] б.

Әбдірайым Т .Ғанибет – Алматы : Балалар әдебиеті, 2025. - 291 б.

Әбдірайым, Т. Түнгі жол [Мәтін] : әңгімелер / Т. Әбдірайым ... – Алматы : Керемет медиа, 2024. - 214, [1] б.

***

Абдраим, Т. Летят журавли [Текст] : рассказы, сказки, басни, повести / Т. Абдраим. - Алматы : Балалар әдебиеті, 2017. - 288 с.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар

Публикации в периодических изданиях

Әбдірайым, Т. Бұралаң жол: әңгіме [Мәтін] / Т. Әбдірайым// Ана тілі.- 2015. - 10-16 қыркүйек. - Б. 10.

Әбдірайым, Т. Тұнжыр [Мәтін] : хикаят / Т. Әбдірайым// Жұлдыз. - 2014. - № 12. - Б. 21-40.

Әбдірайым, Т. Әке [Мәтін] : әңгіме / Т. Әбдірайым // Жас Алаш. - 2022. - № 29. - 21 сәуір. - 7 б (жалғасы бар).

Әбдірайым, Т. Тереңдік [Мәтін] : (эссе) / Т. Әбдірайым // Жас Алаш. - 2021. - № 82. - 12 қазан. - 7 б.

Әбдірайым, Т. Бәс [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 22 қаңтар.

Әбдірайым, Т. Түнгі жол [Мәтін] : (Әңгіме) / Т. Әбдірайым // Жас Алаш. - 2021. - 8 маусым.

Әбдірайым, Т. Көрсеқызар [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Жас Алаш. - 2021. - 24 қыркүйек.

Әбдірайым, Т. Сыршыл қаламгер [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Ана тілі. - 2019. - № 33(1498). - 15-21 тамыз. - 9 б.

Әбдірайым, Т. "Бастау" - кең тынысты роман [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Қазақ әдебиеті. - 2023. - 22 қыркүйек. - № 38. - 20 б.

Әбдірайым, Т. Таяқ [Мәтін] : (Новелла) / Т. Әбдірайым // Жас Алаш. - 2023. - 14 қараша (№ 91). - 7 б.

Әбдірайым, Т. Намысы – әдебиеттің қасиеті [Мәтін] : Жүнісов Сәкен – 90 / Т. Әбдірайым // Егемен Қазақстан. - 2024. - 2 ақпан (№ 23). - 13 б.

Әбдірайым, Т. Адал сауда [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Жұлдыз. - 2021. - № 8. - 118-122 б.

Әбдірайым, Т. Жеңгетай [Мәтін] : әңгімелер / Т. Әбдірайым // Жұлдыз. - 2022. - № 3. - 13-32 б.

Әбдірайым , Т. Отанды сүю-иманнан. Ата-баба тағылымы / Т. Әбдірайым // Абай. - 2015. - № 2. - 60-65 б.

Әбдірайым, Т. Қайта оралған ән [Мәтін] : Қош бол, вальс : эсселер / Т. Әбдірайым // Жұлдыз. - 2013. - № 9. - 81-92 б.

Әбдірайым, Т. Қоңыр қозы [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Жұлдыз. - 2021. - № 4. - 114-125 б.

Әбдірайым, Т. Ұшқыш кілем [Мәтін] : балаларға арналған ертегі / Т. Әбдірайым // Жұлдыз. - 2023. - № 2. - 110-138 б.

Толымбек, Ә. Үш тал гүл [Мәтін] : Таза бұлақ, Әбестік : әңгімелер / Ә. Толымбек // Абай. - 2022. - № 2. - 81-84 б.

үнтаспа

Шайтан шал [[Дыбысты жазба]] : (әңгіме) / Т. Әбдірайым ; оқыған Қ. Ахметжанов. – [Астана] : [б. ж.], [2024]. – Электрон. мәлімет (1 аудиофайл), MP3 : (ұзақтығы 12.37 мин.).

Мақалалар - Статьи

Әбдірайым, Т. Сағыныш [Мәтін] : эссе / Т. Әбдірайым// Жұлдыз. - 2015. - № 5. - Б. 133-138. - Ақын Бейсебай Кірісбайұлы туралы естелік.

Әбдірайым, Т. Әдемі әңгімелер [Мәтін] / Т. Әбдірайым // Егемен Қазақстан. - 2014. - 19 ақпан. - Б. 10.

Т. Әбдірайым туралы әдебиет

Литература об Абдираиме Т.

Литература Казахстана [Текст] : энциклопедический справочник. – Алматы: Аруна, 2010. – 528 с. – Т. Абдираим: с. 13.

Толымбек Әбдірайым [Электронный ресурс] // Оқжетпес: сайт. – Режим доступа: http://www.okzhetpes-esk.kz/index.php/novosti/191-tolymbek-bdirajym (14.05.2016)

Жакеев, М. Казахстанский писатель Т.Абдраимов в Астане презентовал новый сборник детских произведений[Электронный ресурс] / М. Жакеев // Kazinform: сайт. – Режим доступа: http://inform.kz/rus/article/2536995 (14.05.2016)

Мазмұны

Алғы сөз.....3

Т.Әбдірайым өмірбаяны.....4

Жазушы туралы жылы лебіздер.....8

Еңбек торысы Толымбек.....16

Бала жанының бағбаны.....24

Т.Әбдірайым шығармалары.....35

Жауапты: Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы
Балалар кітапханасының директоры Р.Летаев
Редактор:Г.Сарсенбаева
Құрастырушы: Н.Сейтмаханова
Мекен жайы: Түркістан қаласы,
Жаңа қала м/а 32 көше 21/2
e---mail :Altinsarinb@gmail.com